

# ӘУЛЕТ ДӘСТҮРІ

**«Тілдік дайындық» кафедрасы**

**Қазақ тілі, В 1 деңгейі**

**Орындаған: Таңсықбаева Бақыт  
Амалбековна**



**қыркүйек, 2022**

# САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ

Қазақстан туралы, халқының салт-дәстүрлері туралы алған мағлұматтарын естеріне түсіре отырып, білімдерін бекіту.

Дамытушылық мақсаты:

Сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, сөздік қорын дамыту және қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру.

Тәрбиелік мәні:

Мемлекеттік тілді құрметтеуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі, мен өнеріне қызығушылықтарын арттыру.

- 1) «Әулет» дегенді қалай түсінесіз?
- 2) «Текті әулеттен шыққан» деген тіркес туралы не айтасыз?
- 3) Әулет дәстүрін сақтаудың маңызы бар ма?
- 4) «Текті жердің қызы» дегенді қалай түсінесіз?
- 5) Жалпы тектілік дегенді қалай түсінесіз?
- 6) Қазақстанда әулет дәстүрі қазір сақталған ба?

- грек тілінен аударғанда - билік, үстемдік немесе (парсы тілінен аударғанда - ұрпақтар жалғасы. Әулеттен әулетке мұра ретінде кәсіп пен салт-дәстүрлерді сақтап, еңбектеніп отырған топтарды айтуға болады.

**Менің туған жерімде .....**

**Сіздің жеріңіз несімен ерекшеленеді?.....**

**Сіздің отбасыңызда қандай салт-дәстүрлер бар?.....**

**Есіңізде қатты сақталған салт-дәстүр.....**

**Шынында да даналығы мен балалығы, көсемдігі мен шешендігі, ұлылығы мен кішілігі бойында қатар өріліп жүретін, оған қоса бір басында бүкіл адамзатқа тән осалдығы жетіп жатқан біз қандаймыз?**

- **Қазақ жаны, мінезі, рухы... Періштедей пәктігі, таң шығындай тазалығы, мөлдір махаббаты мен мейлінше мәрттігі, ержүрек қаһармандығы, инабаты мен имандылығы ғажап жырлары, орасан зор шешендігі ,сонымен қатар дарақы мақтаншықтығы мен қонақжайлықтан алдына жан салмайтын ашықтығы**
- **Шынында да біз осы қандаймыз**

Әулет – дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымында ерекше маңызға ие институт. Бұл тектік әлеует пен ұрпақ жалғастығын жүйелі дамытудың ұлттық моделі. Соның айғағындай боп қазақта «Қасқа айғырдың құлыны тым құрыса, төбел туады» деген пәлсапалық категория қалыптасыпты.

Халық ақындарының:

Жақсыдан жаман туса да,

Жаманнан жақсы туса да,

Тартпай қоймас негізге, – деп толғайтыны сондықтан болса керек. Қазақ әлеуметінің түпсанасында бұл дәстүрлі танымдық жүйе әлі жұмыс істеп тұр. «Атасының баласы» немесе «атасына тартқан» бала біздің түсінігімізде құрметті оятатын дүниелер. Әулет дәстүрі, әже институты, нағашылық дәстүр, ағалық институт және осының ең биігінде тұрған ақсақалдық институт бізді мыңжылдықтардың дауылы мен жауынынан аман алып өткеніне еріксіз иланасыз. Қазақ өмірінің жазусыз заңдарына айналған «ағайынның азары болса да, безері болмайды», «ағаңмен араз болсаң да, арыңмен араз болма» немесе «көптен кеткен көмусіз қалар» деген қорғасындай ауыр кодекстердің бәрі осы әулеттік институттың шеберханасынан суарылып шыққан болаттай өткір сөздер екенін кештеу болса да білген сияқтымыз.

Әулет аман болса, ел аман. Әр әулет – жұрттың бір-бір уығы. Уығы мықты елдің – ғұмыры да ұзақ болмақ. Сондықтан ежелден қалыптасқан әулет институтын дамыта түскеніміз абзал. Қазақтың ізгі дәстүрлері мемлекеттің негізгі ұстын-тірегі болса, біз «күн сөнгенше сөнбесіміз» анық.

- Ғылым мен әдебиеттерде “Әулет” ұғымы елдегі ең жоғары билік лауазымы мұрагерлік жолмен берілген замандардағы билеушілер (қағандар, хандар, шахтар, т.б.) шежіресін тарату үшін де қолданылатын болған. Мұрагерлік жолмен таққа отыру салты ежелгі дәуірде-ақ, Мысырда, Вавилонда, Иранда, Қытайда, Үндістанда, Македонияда, Сак, Ғұн, Үйсін, Қаңлы мемлекеттік бірлестіктерінде ертеден қалыптасқан.
- Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз қағанаттарында, Қарахан мен қарақытайлар мемлекеттерінде, қыпшақтарда, наймандарда, керейттерде, жалайырларда ең жоғары лауазым жекелеген әулеттердің қолында болды



- Ресейде Романовтар әулеті, Австрия-Венгрияда Габсбург әулеті, Испанияда Бурбон әулеті, Қытайда Цинь әулеті бірнеше ғасырлар бойы билік жүргізгенін де тарихтан білеміз. Ұлыбритания, Ватикан, Сауд Арабиясы сияқты мемлекеттерде жекелеген әулеттердің билік жүргізуі қазіргі заманда да жалғасуда.
- Әлемдегі ең ұзақ өмір сүрген әулет - бұл [Жапон императоры үйі](#), әйтпесе Ямато әулеті деп аталады, оның билігі дәстүрлі түрде белгіленген 660 ж.
- Дәстүрлі қазақ қоғамында қандас-туыстық байланысты айқындауда жеті ата ұстанымы негізге алынған. Әулеттің өкілдері өзінің жеті атасын білу арқылы көрші рулармен байланысын айқындаған. Туыстық байланыс жеті атаға дейін созылып, одан әрі құдандалық байланысқа ұласқан. Әулеттер рулардың қалыптасуының қайнар көзі болды. Жеті атаға толған әрбір әулет рулы елге ұласу рәсімін жасап, толыққанды ру санатына қосылып отырған

- 
- 1) «Әулет» пен биліктің арасында қандай байланыс бар?
- 2) Қазақ хандығы билік бастауын қайдан алған?
- 3) Қазіргі заманда биліктің мұрагерлік берілуі сақталған ба?
- 4) «Жеті ата - әр қазақтың төлқұжаты» дегенді қалай түсіндіңіз?
- 5) Қазақстан қандай мемлекетке жатады?


- Әулеттің қалыптасқан жалпы дәстүрі туралы баяндаңыз.
- - Өз әулетінде қалыптасқан дәстүр қырларынан мысалдар келтіріңіз.
- - Дәстүрді сақтаудың маңызы мен пайдасын нақты мысалда келтіре отырып баяндаңыз.
- - «Біздің әулет» тақырыбына кластер құрып, сызба бойынша әңгімелеңіз.

- Тектіден текті туады,
- Тектілік тұқым қуады.
- Тектілердің тұяғы,
- Таңдайды құз-қияны.
- Шын тектілер халқы үшін,
- Өлімге басын қияды.
- Жақсы, жаман деместен,
- Жанына жұртын жияды.

- Отбасылық құндылықтар дегеніміз - бір-бірін сүйіп қосыл... жанұялардың отбасын сақтау үшін қолдан... ежелден келе жатқан салт дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары бол... Дәстүрлі отбасылық құндылық дегеніміз не? Қарт адамдардың жас отбасына берген ақыл кеңестері. Қазіргі таңда жас отбасыларының ажырасу статистикасы өсіп отырғандықтан, оларға үлгі, сабақ болатындай отбасылық құндылықтар туралы теледидар, радио, интернеттен түрлі жобалар, фильмдер, бейнебаяндар көрсету қажет. Отбасылық құндылықтарға не жатады? Меніңше, оған әр жанұяда дінді сақтау, некені бұзбау, бала тәрбиесі, үлкенді құрметтеу, ене мен келін арасындағы сыйластық, әке мен бала арасындағы құрмет, бауырлар арасындағы татулық сияқты нәрселер кір..




ТӨМЕНДЕГІ СУРЕТТІҢ БІРЕУІНЕ ӨҢГІМЕ ЖАЗЫҢЫЗ.





# Шыңғыс хан әулеті





# Бурбондар әулеті (Испания)





# Аударыңыздар

История страны богатая и насыщенная. Последней династией монархов в Китае стала маньчжурская династия Цин, которая просуществовала приблизительно 260 лет. Она захватила Пекин в 1644 году.

Основана династия была в 1616 года в Маньчжурии (сегодня это северо-восточная часть страны) и, воспользовавшись нестабильной ситуацией в стране, подчинила себе всю китайскую территорию, а потом часть Средней Азии и Монголии.

Династии Цин удалось добиться весомых побед в такой огромной и величественной стране. Выбрав правильную политику, маньчжуры грамотно управляли Поднебесной.

Последним императором Поднебесной стал Пу И, которому на тот момент было всего три года.. Его отречено от императорского титула в 1912 году, после чего его лишили всех титулов (в 1924 году) и выгнано из Китая.

Это и было окончание династии Цин и всех императоров в Поднебесной.

**Назар аударғандарыңыз үшін рахмет!**

**[www.alt.edu.kz](http://www.alt.edu.kz)**